

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№250

2018 жылғы 22 ақпан

«Ақтөбе қаласында жалпы ауданы 10500 шаршы метрден кем емес 5 алаңнан тұратын спорттық кешенді жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 тіркелген, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 175 «Жергілікті атқарушы органдардың 2017-2019 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15170 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясының 2018 жылғы 22 қаңтардағы отырысының №1 хаттамасының негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бес алаңнан тұратын спорттық кешенді жалға алу бойынша «Ақ-Руно» ЖШС-мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасқанға дейін, «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ-не (Н.М.Жүсіпов) мыналар бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын:

1) спорттық кешенді өрт кезінде шығумен және өрт дабылымен жабдықтау, сондай-ақ спорттық кешенді спорттық құрылыстар үшін белгіленген қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелерге сәйкестендіру;

2) балалар мен жасөспірімдер арасында жарақаттануға жол бермеу мақсатында, спорттық кешеннің ішінде орналасқан тіреуіш бағаналарды жарақаттан қорғау жабындыларымен жабдықтау;

3) спорттық кешенің жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтеуге жататын жалпы алаңының мөлшерін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының жобасында – 8000 м² етіп белгілеу;

4) жыл сайын спорт кешенің пайдалану мониторингін жүргізу және оның нәтижелері бойынша оны одан әрі пайдалану туралы шешім қабылдау.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, «Ақтөбе қаласында жалпы ауданы 10500 шаршы метрден кем емес 5 алаңнан тұратын спорттық кешенді

жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2018-2019 жылдарға мемлекеттік міндеттеме қабылдансын.

3. Осы шешім оның қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. АЙТБАЕВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**«Ақтөбе қаласында жалпы ауданы 10500 шаршы метрден кем емес 5 алаңнан тұратын спорттық кешенді жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша
2018-2019 жылдарға мемлекеттік міндеттеме**

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)	соның ішінде жылдарға	
Функционалдың кіші топ						2018 жыл	2019 жыл
		Бюджеттік бағдарлама әкімшісі					
		Бағдарлама					
		Атауы					
1	2	3	4	5	6	7	8
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңестік	134928	59968	74960
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	134928	59968	74960
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	134928	59968	74960
				соның ішінде:			
				«Ақтөбе қаласында жалпы ауданы 10500 шаршы метрден кем емес 5 алаңнан тұратын спорттық кешенді жалға алу»	134928	59968	74960